

"Турбиналық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу" кәсіби стандартты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2013 жылғы 26 желтоқсандағы № 443 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 14 ақпанда № 9157 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 704 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 704 (2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына
с ә й к е с **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Осы бұйрыққа қоса беріліп отырған «Турбиналық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу» кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі департаменті (С.Қ. Есімханов) заңнамада белгіленген тәртіпте мыналарды:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Б.М. Жақсалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Индустрия және жаңа*

технологиялар министрінің
міндетін атқарушы А. Рау

« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
элеуметтік қорғау министрі
----- Т. Дүйсенова

2013 жылғы « ____ » _____
Қазақстан Республикасы
И н д у с т р и я
және жаңа технологиялар
Министрінің міндетін атқарушының
2013 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 443 бұйрығымен бекітілген

«Турбиналық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу» кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Турбиналық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу»
кәсіби стандарты (бұдан әрі – КС) «Турбиналық жабдықтарды жөндеу»
кәсіби қызмет саласындағы біліктілік деңгейіне, құзыретіне, мазмұнына,
сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды анықтайды және

1) еңбек саласы мен кәсіби білім беру саласының өзара қарым-қатынасын
р е т т е у г е ;

2) даярлау, біліктілікті арттыру және кәсіби қайта даярлау бағдарламаларын
әзірлеу талаптарын регламенттеуге;

3) персоналды аттестаттау және сертификаттау кезінде жұмысшылардың
құзыреттерін бағалау талаптарын регламенттеуге арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;

2) ұйымдардың басшылары, ұйымдардың персоналын басқару
бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім берудің мемлекеттік бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктілігіне сәйкестігін
растау саласындағы мамандар болып табылады.

3. КС негізінде біліктілік сипаттамалары, лауазымдық нұсқаулықтар,
ұйымдардың үлгілік оқыту бағдарламалары, үлгілік оқыту жоспарлары,

ұжымдық стандарттар әзірленеді.

4. Осы КС мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің еңбек қызметінің белгілі бір түрі шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметтерінің стандартты еместігі, жауапкершілігі және дербестілігі параметрлері бойынша жүктелетін қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек заттары – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталған зат;

4) еңбек құралдары – жұмысшының еңбек заттарын бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдар;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіктердің тұтас жиынымен құралған кәсіби қызмет саласының құрамдас б ө л і г і ;

6) еңбек функциясы – бизнес-үдеріспен анықталатын және оларды орындауға қажетті құзыреттердің болуын болжамайтын еңбек қызметінің біріктірілген және дербес жиынтығын көрсететін еңбек қызметі түрлерінің бір бөлігі;

7) кәсіби қызмет саласы – жалпы интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарттың бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, қатысымды дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасы тұратын кәсіби стандарттың құрылымдық элементі;

9) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қ а б і л е т і ;

11) лауазым – лауазымдық уәкілеттіктер және лауазымдық міндеттер шеңберін жүктейтін жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

12) міндет – нақты бір еңбек заттары мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты і с - қ и м ы л ж и ы н т ы ғ ы ;

13) сала – өндіретін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс жасаушылардың кәсіби біліктері ортақ ұйымдар жиынтығы;

14) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық с и п а т т а м а с ы ;

15) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік

деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

16) функционалдық карта – сол немесе өзге де кәсіби қызмет саласы шеңберінде белгілі бір қызмет түрін орындайтын жұмысшының еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

2. КС паспорты

5. КС паспорты келесіні анықтайды:

1) экономикалық қызмет түрі (кәсіптік қызмет саласы):

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (бұдан әрі - 03-2007 ҚР МЖ) 33.14 Турбиналық жабдықтарды жөндеу, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына, қызметкерлердің біліктілік деңгейіне, құзыретіне қойылатын т а л а п т а р .

2) экономикалық қызмет түрінің (кәсіптік қызмет саласының) негізгі мақсаты: халық шаруашылығының әр түрлі саласында және өмірді қамтамасыз ету салаларында одан әрі техникалық мүмкін және экономикалық ұтымды пайдалану үшін электр энергиясын өндіру мақсатымен турбиналық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу үдерістерін үздіксіз, экономикалық тиімді қамтамасыз етуді, сондай-ақ, адам өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, электр энергиясының қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендетуді жүзеге асыру.

3) осы КС 1-қосымшасына сәйкес біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің) түрлері.

3. Еңбек қызметі түрлерінің (кәсіптің) карточкалары

1-параграф «Бу турбиналары машинисті»

6. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 2-4, СБШ бойынша - 2-4;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: 8162 «Бу турбиналары машинисті»;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: бу турбиналары машинисті;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - бу турбиналарын пайдаланылмалы қызмет көрсету және олардың апатсыз және экономикалық жұмысын қамтамасыз ету; басқарудың орталық жылу қалқанынан жүктеменің берілген кестесіне сәйкес бу турбиналар жұмысы мен режимін жүргізу; негізгі және көмекші жабдықтардың жұмысында жарамсыздықтарды анықтау және жою ;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына

қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Бу турбиналары машинистінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 1-кестесінде келтірілген.

2-параграф «Бугазтурбиналық жабдықтарды жөндеу слесарі»

7. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 2-4, СБШ бойынша - 2-4;
2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: 7233 «Бугазтурбиналық жабдықтарды жөндеу слесарі» ;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: бугазтурбиналық жабдықтарды жөндеу слесарі ;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - негізгі функцияларды жүзеге асырумен байланысты міндеттерді орындау: келтіру мен үйлестіру нақтылығымен әр түрлі кластағы бөлшектерді слесарлық өңдеу; бу және газ турбиналары, бу машиналары, компрессорлар, сорғыштар, қыздырғыштар, майды салқындатқыш, құбыр жолдары, жүк көтергіш машиналардың жылу алмасу аппараттары (жүккөтергіш машиналары жөндеумен ауыстыру кезінде) және пневматикалық және электрленген құралдарды, арнайы құралдарды, жабдықтарды және өлшеу құралдарын қолданумен басқа да механизмдер кіретін негізгі және көмекші жабдықтардың түйіндерін, бөлшектерді және механизмдерді бұзу, жөндеу, қайта құру, жинақтау, реттеу, сынау және қалпына келтіру; электр станцияларындағы жұмыс істейтін цехтардың стациялық құбыр жолдарында және арматурасында жиналмалы, қайта құру, төсеме және монтаждық жұмыстар; жабдықтардың түйіндері мен механизмдердің тік және көлденең ауыстыру (сүргішінің жұмысымен, жүккөтергіш машиналарын еденнен басқарумен ауыстыру кезінде) жинау, әзірлеу және орнату бойынша такелаждық жұмыстарды орындау;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Бугазтурбиналық жабдықтарды жөндеу слесарінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 2-кестесінде келтірілген.

3-параграф «Газтурбиналық қондырғылар машинисті»

8. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

- 1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 3-4, СБШ бойынша – 3-4;
- 2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: 8161 «Газтурбиналық қондырғылар машинисті» ;
- 3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: газтурбиналық қондырғылар машинисті ;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - негізгі функцияларды жүзеге асырумен байланысты міндеттерді орындау: газ турбиналарын пайдаланылмалы қызмет көрсету және олардың үздіксіз және экономикалық жұмысын қамтамасыз ету; қызмет көрсету жабдықтарының жұмысында жарамсыздықтарды жою;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Газтурбиналық қондырғылар машинистінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 3-кестесінде келтірілген.

4-параграф «Турбиналық бөлімшенің аға машинисті»

9. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

- 1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 3-4, СБШ бойынша – 3-4;
- 2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: 8161 «Турбиналық бөлімшенің аға машинисті» ;
- 3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: турбиналық бөлімшенің аға машинисті ;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - негізгі функцияларды жүзеге асырумен байланысты міндеттерді орындау: турбиналық жабдықтардың берік және экономикалық жұмысын қамтамасыз ету; жұмыс орындарын дайындау және жабдықтарға жұмысына рұқсат беру; қызмет көрсету жабдықтарының жұмысында жарамсыздықтарды анықтау және жою;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс

орындары. Турбиналық бөлімшенің аға машинистінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 4-кестесінде келтірілген.

5-параграф «Жөндеу технигі»

10. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша - 4-5;
2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: 3119 «Техник»;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: жөндеу технигі;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - негізгі функцияларды жүзеге асырумен байланысты міндеттерді орындау: сенімді жұмысын қамтамасыз ету, оның басқаруында болатын электр жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу; қолданыстағы технологиялық үдерістерді жетілдіру және жаналардың әзірлеуге қатысу; жұмыстардың бекітілген учаскесінде оған бағынысты персоналды басқару; техникалық қ ұ ж а т т а м а н ы ж ү р г і з у ;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Жөндеу технигінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 5-кестесінде келтірілген.

6-параграф «Жөндеу инженері»

11. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 5-6, СБШ бойынша - 5-6;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР 01-2005 МЖ) бойынша базалық тобы: 2145 «Жөндеу инженері»;

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: жөндеу инженері;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы - негізгі функцияларды жүзеге асырумен байланысты міндеттерді орындау: жабдықтардың қазіргі күйін және жөндеуді, кәсіпорынның тиімді жұмысын қамтамасыз ететін кешендік реттелген қызмет көрсету жүйесін енгізу; көп еңбекті қажет ететін үдерістердің жоғары тиімді жөндеу механизмдерін, құралдарын жөндеудің прогрессивтік технологиялары; жабдықтарға қызмет көрсету және жөндеуді ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған іс-шаралардың кешенін әзірлеу, жөндеу жұмысына еңбекті қажет етуін және құнын төмендету, олардың сапасын жақсарту, негізгі қорларды пайдалану тиімділігін жоғарлату;

өндірістің техникалық дамуын жоспарлау, негізгі қорларды күрделі жөндеу мен жаңғырту, өндірістік қуаттылықтардың балансын құру және оларды пайдалану бойынша жұмыстарға қатысу; пайдалану бойынша стандарттар мен техникалық шарттарды әзірлеумен және енгізумен байланысты жұмыстарға қатысу; жабдықтарды, ғимараттарды, кәсіпорынның басқа да негізгі қорларын есепке алу және төлқұжаттауды жүргізу, есептілікпен белгіленген техникалық құжаттамаларды құру; жабдықтарға алдын ала жөндеу бойынша нормативтік материалдарды әзірлеу.

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының «Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Жөндеу инженерінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар» деген 6-кестесінде келтірілген.

4. КС бірліктерінің тізімі

12. КС бірліктерінің тізімі осы КС 3-қосымшасының 1-6-кестелерінде келтірілген және шифр мен КС бірліктері атауларынан тұрады.

5. КС бірліктерінің сипаттамасы

13. КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасында келтірілген.

6. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

14. Осы КС негізінде мамандардың кәсіптік дайындығын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы ұйымдармен сертификаттар беріледі.

15. Осы КС негізінде берілетін сертификаттың түрлері сертификат алу үшін игеру қажет болатын осы КС 3-қосымшасында қарастырылған КС бірліктерінің тізіміне сәйкес анықталады.

7. КС әзірлеушілері, келісу парағы, сараптамасы және тіркеуі

16. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі.

17. КС келісу парағы осы КС 5-қосымшасында келтірілген.

«Турбиналық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу» кәсіби стандартына 1-қосымша

Біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің) түрлері

| № р/с | Қызмет түрінің атауы | Еңбек нарығының үрдісі ескерілген кәсіп атауы | ҚР МЖ 01-2005 сәйкес кәсіп атауы | СБШ біліктілік деңгейлері | БТБА бойынша разряды |
|-------|--|---|--|---------------------------|----------------------|
| 1 | Бу турбиналарына қызмет көрсету және реттеу | Бу турбиналарының машинисті | Бу турбиналарының машинисті | 2-4 | 2-6 |
| 2 | Бугазтурбиналық жабдықтарды жөндеу | Бугазтурбиналық жабдықтарды жөндеу слесарі | Бугазтурбиналық жабдықтарды жөндеу слесарі | 2-4 | 2-8 |
| 3 | Газтурбиналық қондырғыларға қызмет көрсету және реттеу | Газтурбиналық қондырғылар машинисті | Газтурбиналық қондырғылар машинисті | 3-4 | 4-7 |
| 4 | Турбиналық бөлімшеге қызмет көрсету, реттеу және басқару | Турбиналық бөлімшенің аға машинисті | Турбиналық бөлімшенің аға машинисті | 3-4 | 5-7 |
| 5 | Турбиналық жабдықтарға қызмет көрсету және жөндеу, пайдалануды ұйымдастыру | Жөндеу технигі | Техник | 4-5 | - |
| 6 | Турбиналық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу үдерісін құрастыру және басқару | Жөндеу инженері | Жөндеу инженері | 5-6 | - |

Ескертпе: БТБА – Қазақстан Республикасы жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы, 52-шығарылым, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 426-ө-м бұйрығымен бекітілген

«Турбиналық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу»

кәсіби стандартына

2-қосымша

1-кесте

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Бу турбиналары машинистінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|---|--|
| Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | Жылу электр станциялары, комбинацияланған өндіріс станциялары, қазандықтар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсер етуі, өндірісте жарақат ал мүмкіндігі |
| | |

| | | |
|--|---|---------------------------------|
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес. 18 жастан кіші емес жас медициналық қарау; тиісті орындалатын жұмысқа кәсіби дайындық, расталға құжаттама, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту. | |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 2 | Жалпы орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білімі болған жағдайда практикалық тәжірибесі және/немесе кәсіби дайындық (білім беру ұйымы немесе кәсіпорындарда білім беру базасындағы қысқа мерзімді курстар) | Еңбек өтілі қажет етілмейді |
| 3 | Практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім немесе негізгі орта білімі базасында кәсіптік білім және техникалық немесе жалпы орта білім болғанда кәсіптік дайындық (бір жылға дейінгі бағдарлама бойынша кәсіптік дайындық базасында ұйымдастыру курстары немесе ұйымдағы білім және/немесе практикалық тәжірибе | Еңбек өтілі кемінде жыл |
| 4 | Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық), практикалық тәжірибе | Еңбек өтілі 1 жылда астам |

2-кесте

Кәсіби бойынша ықтимал жұмыс орындары. Бугазтурбиналық жабдықтарды жөндеу слесарінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|---|--|
| Кәсіби бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | | Жылу электр станциялары, комбинацияланған өндіріс станциялары, қазандықтар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | | Қауіпті және зиянды өндірістік факторлард әсер етуі, өндірісте жарақат алу мүмкіндігі |
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | | Қазақстан Республикасының заңнамасын сәйкес. 18 жастан кіші емес жас, медициналар қарау; тиісті орындалатын жұмысқа кәсіби дайындық, расталған құжаттама, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту. |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 2 | Жалпы орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білімі болған жағдайда практикалық тәжірибесі және/немесе кәсіби дайындық (білім беру ұйымы немесе кәсіпорындарда білім беру базасындағы қысқа мерзімді курстар) | Еңбек өтілі қажет етілмейді |
| 3 | Практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім немесе негізгі орта білімі базасында кәсіптік білім және техникалық немесе жалпы орта білім болғанда кәсіптік дайындық (бір жылға дейінгі бағдарлама бойынша кәсіптік дайындық базасында ұйымдастыру курстары немесе ұйымдағы білім және/немесе практикалық тәжірибе | Еңбек өтілі кемінде 1 жыл |

| | | |
|---|--|----------------------------|
| 4 | Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық), практикалық тәжірибе | Еңбек өтілі 1 жылдан астам |
|---|--|----------------------------|

3-кесте

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Газтурбиналық қондырғылар машинистінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|--|--|
| Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | | Жылу электр станциялары, комбинацияланған өндіріс станциялары қазандықтар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | | Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсер етуі, өндірісте жарақат алу мүмкіндігі |
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес. 18 жастан кіші ем жас, медициналық қарау; тиісті орындалатын жұмысқа кәсіби дайынды расталған құжаттама, еңбекті қорға және қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту. |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 3 | Практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім немесе негізгі орта білімі базасында кәсіптік білім және техникалық немесе жалпы орта білім болғанда кәсіптік дайындық (бір жылға дейінгі бағдарлама бойынша кәсіптік дайындық базасында ұйымдастыру курстары немесе ұйымдағы білім) және/немесе практикалық тәжірибе | Еңбек өтілі кемінде жыл |
| 4 | Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық), практикалық тәжірибе | Еңбек өтілі 1 жылда астам |

4-кесте

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Турбиналық бөлімшенің аға машинистінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|--|---------------------------------|
| Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | Жылу электр станциялары, комбинацияланған өндіріс станциялары, қазандықтар | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсер етуі, өндірісте жарақат алу мүмкіндігі | |
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес. 18 жастан кіші емес жас медициналық қарау; тиісті орындалатын жұмысқа кәсіби дайындық, расталған құжаттама, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту. | |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| | | |

| | | |
|---|--|---------------------------|
| 3 | Практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім немесе негізгі орта білімі базасында кәсіптік білім және техникалық немесе жалпы орта білім болғанда кәсіптік дайындық (бір жылға дейінгі бағдарлама бойынша кәсіптік дайындық базасында ұйымдастыру курстары немесе ұйымдағы білім) және/немесе практикалық тәжірибе | Еңбек өтілі кемінде 1 ж |
| 4 | Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық), практикалық тәжірибе | Еңбек өтілі 1 жылда астам |

5-кесте

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Жөндеу техникінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|---|--|
| Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | | Жылу электр станциялары, комбинацияланған өндіріс станциялары қазандықтар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | | Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсер етуі, өндірісте жарак алу мүмкіндігі |
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | | Қазақстан Республикасының заңнамасын сәйкес. 18 жастан кіші емес жас медициналық қарау; тиісті орындалаты жұмысқа кәсіби дайындық, расталған құжаттама, еңбекті қорғау және қауіпсізд техникасы бойынша оқыту. |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 4 | Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық), практикалық тәжірибе | Еңбек өтілі 1 жылдан астам |
| 5 | Техникалық және кәсіби (орташа буын маманы) ортадан кейінгі білім, жұмыс тәжірибесі, немесе жоғары білімі | Еңбек өтілі 3 жылдан ке емес, жоғары білім үшін жұмыс тәжірибесіне тала қойылмайды |

6-кесте

Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары. Жөндеу инженерінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|--|--|
| Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | | Жылу электр станциялары, комбинацияланғ өндіріс станциялары, қазандықтар |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | | Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардь әсер етуі, өндірісте жаракат алу мүмкіндігі |
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | | Қазақстан Республикасының заңнамасын сәйкес. 18 жастан кіші емес жас, медицинале қарау; тиісті орындалатын жұмысқа кәсіб |

| | | |
|------------------------|---|--|
| | | дайындық, расталған құжаттама, еңбект қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту. |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибес |
| 5 | Техникалық және кәсіби (орташа буын маманы) ортадан кейінгі білім, жұмыс тәжірибесі, немесе жоғары білімі | Еңбек өтілі 3 жылдан кем еме жоғары білім үшін – жұмы тәжірибесіне талап қойылмайды |
| 6 | Жоғары білім, еңбек тәжірибесі | Еңбек өтілі 1 жылдан кем емес |

«Турбиналық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу» кәсіби стандартына 3-қосымша

КС бірліктерінің тізімі

1-кесте

«Бу турбиналары машинисті» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
|------|--|
| 1 Ф | Бу турбиналарға пайдаланылмалы қызмет көрсету және оларды үздіксіз және экономикалық жұмыстары қамтамасыз ету |
| 2 Ф | Басқарудың орталық жылу қалқанымен жүктеменің берілген кестесіне сәйкес бу турбиналарының режим мен жұмыстарын жүргізу |
| 3 Ф | Негізгі және көмекші жабдықтардың жұмысына жарамсыздықтарды анықтау және жою |

2-кесте

«Бугазтурбиналық жабдықтарды жөндеу слесарі» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
|------|---|
| 1 Ф | Келтірумен және үйлестірумен нақтылықтың әр түрлі кластары бойынша бөлшектерді слесарлық өндеу |
| 2 Ф | Келтіру мен үйлестіру нақтылығымен әр түрлі кластағы бөлшектерді слесарлық өндеу; бу және газ турбиналары, бу машиналары, компрессорлар, сорғыштар, қыздырғыштар, майды салқындатқыш, құбы жолдары, жүк көтергіш машиналардың жылу алмасу аппараттары (жүк көтергіш машиналары) жөндеу ма ауыстыру кезінде) және пневматикалық және электрленген құралдарды, арнайы құралдарды, жабдықтард және өлшеу құралдарын қолданумен басқа да механизмдер кіретін негізгі және көмекші жабдықтарды түйіндерін, бөлшектерді және механизмдерді бұзу, жөндеу, қайта құру, жинақтау, реттеу, сынау және қалпына келтіру |
| 3 Ф | Электр станцияларындағы жұмыс істейтін цехтардың стациялық құбыр жолдарында және арматурасын, жиналмалы, қайта құру, төсеме және монтаждық жұмыстар |
| | |

Жабдықтардың түйіндері мен механизмдердің тік және көлденең ауыстыру (сүргішінің жұмысымен, жү

4 Ф

көтергіш машиналары еденнен басқарумен ауыстыру кезінде) жинау, әзірлеу және орнату бойынша такелаждық жұмыстарды орындау

3-кесте

«Газтурбиналық қондырғылар машинисті» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| | |
|------|--|
| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
| 1 Ф | Газ турбиналарын пайдаланылмалы қызмет көрсету және олардың үздіксіз және экономикалық жұмысы қамтамасыз ету |
| 2 Ф | Қызмет көрсету жабдықтарының жұмысында жарамсыздықтарды жою |

4-кесте

«Турбиналық бөлімшенің аға машинисті» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| | |
|------|--|
| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
| 1 Ф | Турбиналық жабдықтардың сенімді және экономикалық жұмысын қамтамасыз ету |
| 2 Ф | Жұмыс орындарын дайындау және жабдықтарға жұмысына рұқсат беру |
| 3 Ф | Қызмет көрсету жабдықтарының жұмысында жарамсыздықтарды анықтау және жою |

5-кесте

«Жөндеу технигі» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| | |
|------|--|
| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
| 1 Ф | Сенімді жұмысын қамтамасыз ету, оның басқаруында болатын электр Жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу |
| 2 Ф | Қолданыстағы технологиялық үдерістерді жетілдіру және жаңалардың әзірлеуге қатысу |
| 3 Ф | Жұмыстардың бекітілген учаскесінде оған бағынысты персоналды басқару |
| 4 Ф | Техникалық құжаттаманы жүргізу |

6-кесте

«Жөндеу инженері» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| | |
|------|--|
| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
| 1 Ф | Жабдықтардың қазіргі күйін және жөндеуді, кәсіпорынның тиімді жұмысын қамтамасыз ететін кешенді реттелген қызмет көрсету жүйесін енгізу; көп еңбекті қажет ететін үдерістердің жоғары тиімді жөндеу механизмдерін, құралдарын жөндеудің прогрессивтік технологиялары |
| 2 Ф | Жабдықтарға қызмет көрсету және жөндеуді ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған іс-шараларды кешенің әзірлеу, жөндеу жұмысына еңбекті қажет етуін және құнын төмендету, олардың сапасын жақсару негізгі қорларды пайдалану тиімділігін жоғарлату |
| 3 Ф | Өндірістің техникалық дамуын жоспарлау, негізгі қорларды күрделі жөндеу мен жаңғырту, өндірістің қуаттылықтардың балансын құру және оларды пайдалану бойынша жұмыстарға қатысу |
| | |

| | |
|-----|--|
| 4 Ф | Пайдалану бойынша стандарттар мен техникалық шарттарды әзірлеумен және енгізумен байланысты жұмыстарға қатысу |
| 5 Ф | Жабдықтарды, ғимараттарды, кәсіпорынның басқа да негізгі қорларын есепке алу және төлқұжаттауды жүргізу, есептілікпен белгіленген техникалық құжаттамаларды құру |
| 6 Ф | Жабдықтарға алдын ала жөндеу бойынша нормативтік материалдарды әзірлеу |

Ескертпе: Ф – функция.

«Турбиналық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу» кәсіби стандартына 4-қосымша

КС бірліктерінің сипаттамасы

1-кесте

1. СБШ 2-деңгейіндегі «Бу турбиналары машинисті» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| Шифр | Еңбек заттары | Еңбек құралдары | Міндеттер | Шеберлігі және дағдылары | Білімі |
|------|---|---|--|--|---|
| Ф 1 | Әр түрлі қуаттылықтары мен түрлеріндегі бу турбиналардың жабдықтары | Аппараттар, басқару пульттары, қолмен тірек арматурасы, бақылау-өлшеу құралдары, арнайы киім-кешек, жеке қорғау құралдары | 1 - 1 М Жабдықтарды қосу, тоқтату, пресстеу, сынау бойынша операцияларды орындау 1-2 М Турбиналар жұмысының ағымдағы режимін жүргізу 1 - 3 М Турбиналардың жылу кестелерін ауыстыру; режимдік карталарға сәйкес негізгі параметрлерді қолдау | Қызмет көрсету технологияларына және әр түрлі қуаттылықтағы қондырғыларға стандартты және бір тұрпаттағы практикалық міндеттерді шешу дағдылары. Әр түрлі қуаттылықтағы бу турбиналарды, алгоритмнің берілген нұсқаулықтары бойынша басқарудың жылу қалқандарын басқару және реттеу дағдысы. Кемшіліктерді жою және кемшіліктердің анықталған себептеріне сәйкес, қарапайым өндірісте күрделі емес практикалық тапсырмаларды орындау дағдылары | Бу турбиналары, өлшеу құралдары жұмысының принциптері, еңбекті қорғау және қауіпсізді техникасының, өрт қауіпсіздігінің ережелері. Бу, су, турбиналық май конденсатының сапасы мен ауытқуларды жылу бақылау мен автоматтандыру кестес турбина жұмысының техника-экономикалық көрсеткіштер. Құрылғы, турбогенератор турбинаның техникалық сипаттамалары, жылу техникасын, механиктер электр техниктердің негіздері |

2-кесте

2. СБШ 3-деңгейіндегі «Бу турбиналары машинисті» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| Шифр | Еңбек заттары | Еңбек құралдары | Міндеттер | Шеберлігі және дағдылары | Білімі |
|------|---------------|-----------------|-----------|--------------------------|--------|
| | | | | | |

| | | | | | |
|-----|--|---|---|--|---|
| Ф 2 | Әр түрлі қуаттылықтары мен түрлеріндегі бу турбиналары | Аппараттар, басқару пульттары, қолмен тірек арматурасы, бақылау-өлшеу құралдары, арнайы киім-кешек, жеке қорғау құралдары | 2-1 М Басқарудың орталық жылу қалқанының берілген кестесіне сәйкес бу турбиналардың жұмысы мен режимін бақылауды жүзеге асыру 2-2 М Өлшем құралдарының көрсеткіштерін, автоматты реттегішпен белгі беру жұмыстарын бақылау | Бу турбиналарына, басқарудың жылу қалқандарына қызмет көрсетуді қамтамасыз ету кезінде стандартты, қарайым, бір тұрпатты практикалық міндеттерді шешу. Қолданылатын нақты технологиялар, материалдар және нақты жағдайлар аясында практикалық тәжірибе мен білім негізінде белгіліден әрекеттер тәсілдерін тандау. Жарамсыздықтардың анықталған себептеріне сәйкес әрекеттерді түзету | Жылу кестелері, энергия өндірісінің үдерісі, б турбиналар жұмысын принциптері, өлшеу құралдары, жылуды қорғау және белгі бер қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау, өң қауіпсіздігі қағидалар Құрылғылар, турбиналарды, турбогенераторлардың көмекші турбиналық жабдықтардың техникалық сипаттама, жылу технигі, механикалық электр технигі, суды дайындау негізде Су, бу сапасының нормативтік көрсеткіштері, қазандық агрегаттары параметрлерінің ауытқулары, отын, жағ өнімдерінің қасиеттер қазандық агрегаттарды техника-экономикалық көрсеткіштері |
|-----|--|---|---|--|---|

3-кесте

3. СБШ 4-деңгейіндегі «Бу турбиналары машинисті» еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

